

А.Е. Бектұрғанова

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ЖЕТІСУ АУДАНЫ БОЙЫНША ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ

Аннотация. Мақалада жерді пайдалану мен қорғауды бақылау саласындағы Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша құқық бұзушылықтар келтірілген. Құқық бұзушылықтарды тіркеу негізінде құжаттар құрамы қарастырылған. Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша жер саласындағы құқық бұзушылықтардан мемлекеттік бюджетке түскен пайда мөлшері айтылады.

Кілт сөздер: жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау, жер инспекциясының бас инспекторларымен салынатын айыппұл, Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша жер заңын бұзушылықтар.

Кіріспе. Жерді пайдалануға бақылау жөніндегі барлық жылдық құжаттама келесі материалдардан тұрады:

1) жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүргізу жөніндегі материалдары бар іс;

2) жер заңдылығының сақталуын тексеру Кітабы;

3) жерді пайдалану мен қорғауға бақылау жөніндегі Есеп;

4) есепке түсініктеме жазу.

Есепке 2-3 парақ көлемінде түсініктеме жазу қоса тігіледі. Онда тексерілген ауданның қысқаша сипаттамасы, аудан бойынша сандық мәліметтер, жер заңдылығының барынша сипатты құқық бұзушылық жағдайлары, айқындалған құқық бұзушылықтар бойынша жерге орналастыру қызметінің жұмысы, бір жылдағы айыппұл мөлшері келтіріледі. Жазудың соңында студент жер заңдылығының сақталуын бақылау жөніндегі жұмыстарды жақсартудың өз жолдарын ұсынуы тиіс. Есепте құқық бұзушылықтың жеке түрлері бойынша айқындалған құқық бұзушылықтың сипаты, саны, жер заңдылығының бұзылуы анықталған жердің көлемі, жауапкершілікке тартылған құқық бұзушылардың саны, айыппұлдың саны мен сомасы көрсетіледі. Есептің соңғы екі графасы саны мен жер көлемі бойынша құқық бұзушылықтың жойылуына арналған. Жерді пайдалануға бақылау жөніндегі Есепке тиісінше қаланың, ауданның, облыстың жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қояды[1].

Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүргізуді экономикалық тұрғыдан қарасақ, 2008 жылға дейін барлық айыппұл сомалары инспекторлар салған айыппұлдар тікелей қай ауданда заң бұзушылық анықталды сол ауданның бюджетіне түсіп отырады. Оның қандай да бір сомасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі мекемеге түсуі қарастырылмаған. 2008 жылдан бастап, барлық айыппұлдар сомасы республикалық бюджетке түседі. Жалпы Алматы облысы бойынша 7 инспектор жұмыс атқарады. Жер инспекторлары арнайы жұмыс жоспарымен қатар, түскен арыздар бойынша тексерістер жүргізіп үлгеруі керек. Жер инспекторлардың алатын жалақысына да ол салған айыппұл мөлшері де, көлемі де, саны да әсер етпейді [5].

Азаматтарға, жеке тұлғаларға, заңды тұлғаларға салынған айыппұлдар есебінің өзінен бір республикалық бюджетіне қаншама сома ақша құйылады.

Мәселен, мына 2010 жылғы Алматы облысы бойынша жер инспекциясының бас инспекторларымен салынатын айыппұлдан бюджетке құйыламын сома мөлшерінің күтілетін жобасы.

2011 жылы Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша келесідей жұмыстар жүргізілді. 2011 жылы қаңтар айынан бастап, 31 желтоқсан айына дейін Жетісу ауданында жер заңдылығын сақтау бойынша 98 жер пайдаланушыларға тексерулер жүргізілді.

Тексеру жүргізу барысында 63 жер пайдаланушылардың заң бұзушылық әрекеттері анықталды, яғни Қазақстан Республикасының Жер заңнамаларына сәйкес әкімшілік іс-шаралар жүргізіліп айыппұл салынып, жер заңнамаларының бұзу әрекеттерін жою туралы нұсқама берілді [5].

2011 жылы сәуір айында Алматы қаласы Жетісу ауданы прокуратурасының ұсыныс талабына сәйкес, ауданда орналасқан 57- сауда саттық дүкендерді, көлікжуу объектілерін және техника жөндеу орталығына тексеру жұмыстары жүргізілді.

Тексеру нәтижесінде 30 - жер пайдаланушыларына Қазақстан Республикасының 253 және 118 баптарын бұзғаны үшін әкімшілік іс-шаралар қолданылып, айыппұл салынып, нұсқау берілді және қазіргі уақытта нұсқауда көрсетілген талаптарды орындамағандары сот органдарына жіберілді.

Жетісу ауданы прокуратурасының талап хаты бойынша қосымша қалған 24 (жиырма төрт) заңды және жеке тұлғаларды тексеріп, оның ішінде он тоғызына ҚР ӘҚБК 118 және 253 баптары бойынша айыппұл салынып, алтауы заңды бұзбағандығы анықталды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы жер ресурстарын басқару агенттігінің хаты бойынша Жетісу ауданында орналасқан 6-Мешітке тексеріс жүргізілді, тексеру барысында:

1) Омаров көшесі 13 «б» мекен-жайда орналасқан «Әли Мұхаммед» мешіті нысаналы мақсатына сай пайдаланып отырғаны анықталды. Жер учаскесін тексеру туралы акт толтырылды.

2) «Айнабұлақ» ықшам ауданы, Павлодар көшесі № 64 мекен-жайда орналасқан «Нәби»мешіті нысаналы мақсатына сай пайдаланып отырғаны анықталды. Жер учаскесін тексеру туралы акт толтырылды.

3) Бөкейханов көшесі № 484 мекенжайда орналасқан «Әмин» мешітін зерттеу жүргізу барысында аталған мешітті жер учаскесімен бірге азамат Азнабакиев Розахун Якубович «Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы» діни бірлестігіне 24 тамыз 2011 жылы сыйға тарту шарты бойынша сыйға берген. «Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы» діни бірлестігіне Қазақстан Республикасының ӘҚБК 253 бабы бойынша ескерту берілді. Жер учаскесін тексеру туралы акт толтырылды.

4) Жансүгіров көшесі № 394 мекенжайда орналасқан «Сұлтан-Қорған» мешітін тексеру барысында жер учаскесінің жалға алу құқығы 2010 жылы 23 маусым айында аяқталғаны анықталды. Қазақстан Республикасының ӘҚБК 118 бабы бойынша «Сұлтан-Қорған» діни бірлестігінің мешітіне 151200 тенге айыппұл салынды. Жер учаскесін тексеру туралы акт толтырылды.

5) Бродский көшесі № 172 «а» мекен-жайда орналасқан «Хуссейния» діни бірлестігінің мешітін зерттеу жүргізу барысында аталған діни бірлестік жер учаскесін нысаналы мақсатына сай пайдаланбай отырғандығы анықталды. Жер учаскесінің иесі азаматша В.А. Гусейноваға Жер учаскесін нысаналы мақсатына сай пайдалану туралы нұсқау берілді және «Хусейния» Діни бірлестігінің Президентіне ескерту берілді. Жер учаскесін тексеру туралы акт толтырылды.

6) Айтықов көшесі № 65 мекен-жайда орналасқан «Вайнах үйі» қоғамдық қорына зерттеу жүргізу барысында нысаналы мақсатына сай пайдаланбай отырғандығы анықталды. Қазақстан Республикасының ӘҚБК 253 бабы бойынша «Вайнах үйі» қоғамдық қорына ескерту берілді. Жер учаскесін тексеру туралы акт толтырылды.

Алматы қаласы Жер қатынастар басқармасының хаты бойынша Жетісу ауданында орналасқан 7-жанар-жағармай станцияларына тексеріс жүргізілді, тексеру барысында;

1). «Prosistems Petroleum LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасының ӘҚБК 253 бабы бойынша соммасы 45360 т. айыппұл салынды.

2). «Саяхат Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасының ӘҚБК 253 бабы бойынша соммасы 45360 т. айыппұл салынды.

3). «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ақ Қазақстан Республикасының ӘҚБК 253 бабы бойынша соммасы 45360 т. айыппұл салынды.

Сонымен қатар тексеру барысында;

1) Бұлқышев көшесінің шығысы, Лобачевский көшесінің оңтүстігі мекен-жайда орналасқан «Томирис» ЖШС жер учаскесінің уақытша жалға алу құқығы аяқталуына байланысты жер учаскесін жанар-жағармай станцияларына акт толтырылды.

2) Северное кольцо көшесі 33 мекен-жайда орналасқан «Тума» ЖШС жер учаскесін нысаналы мақсатына сай пайдаланып отырғаны анықталды. Жер учаскесін тексеру туралы акт толтырылды.

3) Айнабұлақ-2 ықшам ауданы, Жұмабаев көшесінің оңтүстігі мекен-жайда орналасқан «Алим» ЖШС жер учаскесін нысаналы мақсатына сай пайдаланып отырғаны анықталды. Жер учаскесін тексеру туралы акт толтырылды.

Әлімжановтың арызы бойынша Жангелдин көшесі № 119,117,115,113 «а», 113 үй иелеріне, яғни жеке тұлғалар тексерілді. Тексеріс барысында №119 үй иесі жер заңдылығын бұзбағандығы анықталды. Жангелдин көшесі № 117,115,113 «а» үй иелері мемлекеттік инспектордың қатысуымен жер заңнамаларын бұзушылық фактілерін жойды. Жер иелері өз учаскілерін нысаналы мақсатында және актіде көрсетілген шекара бойынша пайдаланып отырғандығы анықталды. Жер заңнамасын жою туралы акт толтырылды.

Жангелдин көшесі №113 үй иесі аз. Г.Т.Раимбековаға қатысты ҚР ӘҚБК-нің 118 бабына сәйкес әкімшілік іс қозғалып, сомасы 75600 тенге айыппұл салынды. Сонымен қатар «Құлагер» ықшам ауданы тұрғындарының арызы бойынша дөңгелек желімдеу контейнері мемлекеттік инспектордың қатысуымен алынып тасталды. Жалпы жыл басынан салынған айыппұлдың көлемі –5 млн. 571 мың 720 теңге, оның ішінде өз еркілерімен төленгендері - 3 млн. 061 мың 800 теңге, мәжбүрлеп өндіріп алуға Алматы қаласының мамандандырылған әкімшілік сотына жіберілді - 1 млн. 708 мың 560 теңге. Алматы қаласының мемлекеттік жер қоры есебінен өз еркілерімен жер учаскелерін басып алу фактілеріне байланысты, 30 әкімшілік материалдары Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 164-1 бабына сәйкес Алматы қаласының Жер қатынастары басқармасына жолданды. Осы жыл бойы жасалған іс-шаралар мен жұмыстарды қорытынды жасай келе Қазақстан Республикасының жер заңнамаларына сәйкес құрылған әкімшілік материалдарын сот органдарына жолдай отырып, оларға сот органдарының атқарылған іс-шараларының шешімдері бақылануда[2,3,4].

2011 жылы Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша келесідей жұмыстар жүргізілді. 2011 жылы қаңтар айынан бастап, 31 желтоқсан айына дейін Жетісу ауданында жер заңдылығын сақтау бойынша 98 жер пайдаланушыларға тексерулер жүргізілді. Тексеру жүргізу барысында 63 жер пайдаланушылардың заң бұзушылық әрекеттері анықталды, яғни Қазақстан Республикасының Жер заңнамаларына сәйкес әкімшілік іс-шаралар жүргізіліп айыппұл салынып, жер заңнамаларының бұзу әрекеттерін жою туралы нұсқама берілді. 2011 жылы сәуір айында Алматы қаласы Жетісу ауданы прокуратурасының ұсыныс талабына сәйкес, ауданда орналасқан 57-сауда саттық дүкендерді, көлікжуу объектілерін және техника жөндеу орталығына тексеру жұмыстары жүргізілді.

Тексеру нәтижесінде 30 жер пайдаланушыларына Қазақстан Республикасының 253 және 118 бабтарын бұзғаны үшін әкімшілік іс-шаралар қолданылып, айыппұл салынып нұсқау берілді және қазіргі уақытта нұсқауда көрсетілген талаптарды орындамағандары сот органдарына жіберілді.

Жетісу ауданы прокуратурасының талап хаты бойынша қосымша қалған 24 (жиырма төрт) заңды және жеке тұлғаларды тексеріп, оның ішінде он тоғызына ҚР ӘҚБК 118 және 253 баптары бойынша айыппұл салынып, алтауы заңды бұзбаған.

Жалпы жыл басынан салынған айыппұлдың көлемі –5 млн. 571 мың 720 теңге , оның ішінде өз еркілерімен төленгендері - 3 млн. 061 мың 800 теңге, мәжбүрлеп өндіріп алуға Алматы қаласының мамандандырылған әкімшілік сотына жіберілді - 1 млн. 708 мың 560 теңге.

Алматы қаласының мемлекеттік жер қоры есебінен өз еркілерімен жер учаскелерін басып алу фактілеріне байланысты, 30 әкімшілік материалдары Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 164-1 бабына сәйкес Алматы қаласының Жер қатынастары басқармасына жолданды.

Осы жыл бойы жасалған іс-шаралар мен жұмыстарға қорытынды жасай келе Қазақстан Республикасының жер заңнамаларына сәйкес құрылған әкімшілік материалдарын сот органдарына жолдай отырып, оларға сот органдарының атқарылған іс-шараларының шешімдері бақылануда [3,2,5].

Әдебиеттер

1. А.Х.Хаджиев. Земельное право РК.- Алматы, Данекер, 2001.
2. А.С.Стамкулов. Земельное право РК. -Алматы., 2003.
3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 155 Кодексі
4. Қазақстан Республикасының Жер кодексі 20 маусым 2003 жыл
5. Алматыоблыстық өңіраралық жер инспекциясының 2011жылғы жылдық есебі

А.Е. Бектурганова

ПРОВЕДЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО КОНТРОЛЯ ЗА ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ И ОХРАНОЙ ЗЕМЕЛЬ ПО ЖЕТЫСУЙСКОМУ РАЙОНУ ГОРОДА АЛМАТЫ

В статье рассматриваются вопросы о правонарушениях по использованию и охране земель по Жетысуйскому району города Алматы. Рассматриваются регистрационные документы в этой сфере. Показаны выгоды республиканского бюджета от земельного правонарушения Жетысуйского района города Алматы.

A.E. Bekturganova

THE STATE CONTROL OVER USE AND PROTECTION OF LANDS IN ZETYSUJSK DISTRICT OF ALMATY CITY

The article discusses questions about wrongdoing on use and protection of land in Zetysujsk district of Almaty. Registration documents are considered in this area. Showing the benefits of the Republican budget of the land district of Almaty City tuberculosis in offences.